

## А. БАЙТҰРСЫНОВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫ

*Берік Рахымов*  
*Фил.ғ.д, профессор*  
*академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарУ*  
*Қарағанды қ. Қазақстан*

Еліміздегі тәуелсіздіктің шын ақиқаты өшкендеріміздің қайта жаңғырып, «өлгендеріміздің қайта тірілгені» екенін тұжырым еттік. Бұл бағытта жазып тастағандарымыз жеткілікті. Алайда бір сәтке «біз осы қалай жазып жүрміз, ғибрат аларлықтай бірдеңе айта алдық па?»- деп ойлансақ, жүрек әмірі ғана «ақиқаттың ауылы алыста» дегенді ұқтырады. Бүгінде бүкіл саналы өмірін қазақ қоғамының қалыптасуына жұмсаған А.Байтұрсынов туралы тыңнан талғап, сан қырлы талант екендігіне қатысты сандаған еңбектер жазылып жатыр. Солай дей тұрсақ та, алаш ардақтаған айтулы Ахмет Байтұрсыновқа байланысты қалам тербеу оңай емес. Себебі, ақиқат үшін арпалыс екінің бірінің қолынан келе бермеген. Арқасына таудай жүк арқалаған Ахаң болса, бір өзі бірнеше институттың атқаратын ісін тындырған. Сондықтан Ахаңды тану - өрісті ойды, ар-ұжданды, еселі еңбек пен терең танымды тілейді. Отызында орда бұзып, камал алар қырқына жетпеген Шоқан: «Ақиқат қаншама алға жетелегенімен, тұман басқан дәуірде адаспай тұра алмайды екенсің»(1)-, дегенді үміті үзіліп, өмірден түңілгендіктен айтпаған. Азаттық пен білімнің керек екендігін ескертуден туған Шоканның бұл түйінін теңіздің түбіндегі маржандар ғана мойындап, өмір атты мұхиттың тулаған толқынына қарсы кемесін салған. Соның бірі – Ахмет Байтұрсынов болатын. Қажырлы жанның мұхиттан өткен қайығының ескегі мәңгіліктер қатарынан өшпестей екі із салды. Оның біріншісі – Ахаңның шығармашылығы. Бұл істе – Ахаң алдымен – ақын, аудармашы, журналист, кітап бастырушы, сындарлы сыншы бола білді. Екіншісі – Ахмет Байтұрсыновтың ағартушылығы. Сөз бен істің бірлігін білгірлікпен дәлелдеген А.Байтұрсыновтың бұл тұрғыдағы ерлігін М.Әуезов былайша бағалаған. «Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаңның салған әдебиеттегі орны – «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты – біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болатын»(2)-, дейді. Бұған А.Байтұрсынов қолынан шыққан «Әдебиет танытқыш» (1926), «Әліп-би», «Тіл құралы» т.б. қоссақ, көрнекті тұлғаның келісті ғалым екендігін түсінесің. Талантына тандай қағып, ғалымдығына бас иіп, тағзым етесің. Өмір керуенімен күні кеше ғана қоштасқан, марқұм Шәмшиябану Сәтбаева алғашқы Ахмет Байтұрсыновтың алашымен қайта табысқан шығармаларына қатысты жазған мақаласында: «Ахмет Байтұрсыновтың ғылыми-творчестволық мұрасын негізінен үш үлкен салаға бөліп қарауға болады. Олар: автордың ағартушы, ғалым, тілтану, әдебиеттанудың алғашқы іргесін қалаушы ретіндегі еңбегі, ақындық және аудармашылық творчествосы»(3)-, деп жазады. Рас, «жігітке жеті өнер де аз»,- деп қараған халқымыздың мүддесінен мүдірмей өткен Ахаңның шығармашылық әлемі сан қырлы. Оны жан-жақты ашу әр саланың саңылақтарына бұйыратын сыбаға екендігі мәлім. Бізде бұл мәселеде өзімізге тиер үлес ретінде Ахаңның халық мұрасына қатысты еңбегін еншіледік. «Фольклор – халық мұрасы, ұлттық өнер»(4). Атадан қалған асыл сөзін, киелі қымбат қазынасын жоғалтса, ұлттың өлгені. Сандаған ғасырлар бойы ауыз әдебиетінің байырғы өкілдері ұрпақтан-ұрпаққа ауызша жеткізген, қазақтың фольклорлық мұралары жазу-сызу өнері дамыған тұста өлара шаққа тап келіп, жат идеологияларға байланысты сұрыптала бастағанда бұған айрықша назар аударған Ахмет Байтұрсынов болатын. Оның фольклортану ғылымындағы алатын орны мынадай еңбектерімен ерекшелене түседі. Біріншіден, ол ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, жариялаушы болса, екіншіден, фольклорлық шығармалардың тегін тектеп, түсін түстеуші. Алғашқы ауыз әдебиетінің түрлерін түсіндіріп, жанрлық түрлерге жіктеп жүйелеуші екендігін көреміз. Бұл орайда, Ахаңның «Әдебиет танытқыш» атты еңбегіндегі ауыз

әдебиетіне арналған бөліміндегі тұрмыс-салт жырлары, ертегілер, өтірік өлеңдер, шешендік сөздер, батырлық эпос пен тарихи жырлар және т.б. үзінділері мен 23 жоқтауы және 1915 жылы «Ер Сайын» жырын жеке кітап етіп Н.Г. Потаниннің сексен жылдығына тарту еткені жинаушы ретінде фольклортанушы ғалымдар тарапынан орынды бағаланып келеді. Ғалымның бұдан да басқа жиған-тергенін іздестіру ісі жалғаса берері сөзсіз. Соның бір дәлелі ретінде 1923 жылы Москвадағы кіндік (орталық) баспада жарық көрген «Мың бір мақал» жинағын атаймыз. Жинаушының еңбегіне қатысты Балтабай Адамбаев: «А.Байтұрсынов қазақ ауыз әдебиетінің нұсқаларын жинап, бастырумен де шұғылданғаны белгілі. Ахаң бірсыпыра төл еңбектерін бөгде аттармен жариялағанына сенімді кейбір ауыз әдебиетінің нұсқаларын да бүркеншік атпен құрастырған. Солардың бірі – «Мың бір мақал»(5)-, дейді. Шындығында қазақтың сөз мәйегі, «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» делінетін мақалдарымыз «Мың бір мақал» жинағында мағына-мазмұнына қарай он бөлімге топталып, арнайы тақырыптармен берілген. Мысалы: Тәңір турасында, патша, хан, молда, адам, ер, жақсы мен жаман, құлдар, ит, сөз, өтірік, ұят, шыдамдылық, ашу мен ақыл, достық пен дұшпандық, жау, жалғыздық, көптік, бірлік және т.б. көптеген тақырыптарға жіктелген. Бүгінде көбірек қолданыла бастаған:

«Төртеу түгел болса,

Төбедегі келеді.

Алтау ала болса,

Ауыздағы кетеді.»

«Бірлік болмай, тірлік болмас»,

«Әкесін сыйламаған кісіні баласы сыйламайды»,

«Алушыдан қалмайды, айтушыдан қалады»,

«Тамыр берген түйеден, тәңірі берген тоқты артық»,

«Ораздының баласы он бесінде «баспын» дейді»,

«Оңбағанның баласы отызында «жаспын» дейді».

Бұл жинақтан бүгінгі өмірдің керегіне жарарлық сандаған ғибраттар баршылық. Бұның бәрінде Ахаңның жинаушылық жұмыстарын нақтылай түседі. Ал өзінің «Әдебиет танытқыш» атты еңбегіндегі Ахмет Байтұрсыновтың ауыз әдебиетінің үлгілеріне берген жанрлық анықтамалары бүгінде қалыпты қолданылып, қазақ фольклорының тарихында лайықты аталып келеді. Бұл еңбекте ертегі, өтірік өлең, жұмбақ, жаңылтпаш, батырлық жыр, тарихи жыр, айтыс, шешендік сөздер т.б. жанрлық анықтамалар беріліп, нақтылы мысалдармен дәлелденіп отырған. Ғалым «Қазақ ауыз әдебиеті жұмсалатын орнына қарай әуелі екі салаға бөлінеді:

1. Сауықтама; 2. Сарындама» -, деп бөліп, алғашқысына ертегі, өтірік өлең, жұмбақ, жаңылтпаш, батырлық, тарихи жырлар және айтысты жатқызады. Ал, сарындаманы үш тарауға жіктеп, «салт сөзі», «ғұрып сөзі», «қалып сөзі»(6) деп алып, оларға мысалдар, шешендік сөздер, тақпақ, мақал, той бастар, жар-жар, сыңсу, неке қияр, беташар, жоқтау, жарапазан, бата, жын шақыру, құрт шақыру, дерт көшіру, бесік жыры т.б. жататындығын атап көрсетеді. Арада бір ғасырға жуық уақыт салып Ахаңның еңбектерімен жұрт қайта қауышты. Бұл аралықта фольклортану ғылымында біршама «тар жол, тайғақ кешуді» өткере отырып өсті. Осы бір арадағы үзілісте А.Байтұрсынов еңбегі мүлде ескерусіз қалды ма?, деген заңды сұрақ туары сөзсіз. Жоқ. Біз оны ауыз әдебиетіне қатысты жазылған оқу құралдары, көп томдықтардан таба аламыз. Айыбы тек қана А.Байтұрсыновтың есімі ескерілмей қалып, оның орнын басқалардың толықтырып тұрғаны болмаса. Әрина, кеңес дәуірінің қырағылығы атын өшіргені болмаса, оның еңбегін таза жоқ қылып, бағасыз қалдырмағанын бұдан кейінгілерге таным-түсінікпен түйсінген ләзім. Бізге белгілісі «Әдебиет танытқышта» ауыз әдебиетіндегі эпостық жырлар қатарынан «лиро-эпос» (ғашықтық жырлар), орын алмаған. Алайда, Ахаңның толғау түрлері, әуезе жыры, өлеңдегі ұйқас, буын, бунақ, шумак, теңеу, кейіптеу, әсерлеу, мезгеу, әсірелеу, дыбыс ырғақтарына байланысты айтқан мысалдарында көбіне лиро-эпос жырларынан үзінділер келтіріп отырған. Сөйтіп келіп, осы еңбектегі жазу әдебиетіне қатысты мәселеде де

фольклормен орынды байланыстар жасап, сөз өнерінің негізі әріден келе жатқанын жүйелей саралауға алғаш жол салған. Бұған ғалымның «Ауыз шығарманы ауыз сөз деп қана атап, жазба шығарманы сыпайы әдебиетті ғана әдебиет деп танушылар бар. Бірақ қалай да асыл сөздің бәрі де тілдегі әдебиет есебінде жүріледі», деуі де, дәйекті дәлел бола алады.

Біз бұдан А.Байтұрсыновтың өнердің өрісін зерделеудегі таным-түсінігінің жоғары екендігін толық танимыз. Ғылыми тұрғыдан Юрий Лотманше айтсақ «Бірінші жағдайда жазба мәдениеттің, екінші жағдайда жазусыз мәдениеттің үстемдігі табиғи-тарихи заңдылық»(7) екенін Ахаң аталған еңбегі арқылы анық мойындатады. Бұл мәселеде ұлттық мүдде, ұрпақ келешегі тұрғаны да жасырын емес. Алғашқы қазақ фольклоры ХІХ ғасырлардағы жинағандардың көшпелі халықты менсінбей, оған кеміте қараушылардың іс-әрекеттері де талантты толғантуы мүмкін. Шындығында, қазақтар туралы сын көзбен қараушы А.Левшиннің өзі қазақ халқының өнерлі болуына таңдана қарап, «адам табиғатынан ақын және музыкант болып туады», деп мойындауға мәжбүр болған. Олай болса, А.Байтұрсыновтың ауыз әдебиетіне көбірек мән беруі, құнды пікірлер қалдыруы мен термин атуларды ұлттық тілде берудің өзі аса тереңдікті аңғарта түссе керек.

Себебі, қазақтың негізгі арқауы, бар асылы ауызша өнер мектебінде жатқаны баршаға аян.

#### **Пайдаланған дебиеттер:**

1. Даналардан шыққан сөз. – Алматы: Мектеп, 1987., 36 бет.
2. Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989., 19 бет.
3. Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989., 8 бет.
4. Ыбыраев Ш. Қазақ фольклористикасы: кеше, бүгін, ертең. Әлем: Альманах: - Алматы:Жазушы, 1991., 92 бет.
5. Байтұрсынов А. Мың бір мақал/Бастырушы Б.Адамбаев. Жұлдыз., 1993., №2. 3-35 бет.
6. Байтұрсынов А. Мың бір мақал
7. Әлем: Альманах: - Алматы: Жазушы, 1991., 253 бет.

#### **А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ А.Н. КОНОНОВ ЕҢБЕКТЕРІ НЕГІЗІНДЕ ҚАЗАҚ, ӨЗБЕК ТІЛДЕРІНІҢ ДЫБЫСТАР ЖҮЙЕСІ**

*Тұрсынова М.А.*

*ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор  
қазақ тіл білімі кафедрасы*

*Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті  
Қарағанды қ. Қазақстан*

Қазақ тіл білімінің қай саласының болмасын зерттелу тарихын зерделегенде А.Байтұрсынұлының еңбектерін айтпай кетуге болмайды. Себебі қазақ тіл білімінің алғаш ғылым саласы ретінде қалыптасу кезеңі осы ғалым еңбектерімен тұстас келеді және осы еңбектерде оның негізі қаланды.

Фонетика саласының да егжей-тегжейлі зерттеліп, қазақ тілі дыбыстық жүйесінің сыр-сипатының ашылуына А.Байтұрсынұлы зерттеулері себепші болды.

Сонымен бірге қазақ фонетикасына байланысты көптеген термин сөздер де осы еңбегінен көрініс тауып, кейінгі зерттеулерге арқау болған. Мәселен, қатаң, ұяң, үнді, ашық, қысаң және т.б. осындай фонетика саласының негізгі ұғымдарын беретін терминдердің А.Байтұрсынұлы қолымен жасалуынан оның қазақ тілі дыбыстары жүйесін терең түсінгенін білеміз. Бұған қоса ғалымның еңбектерінен кез келген тілді өз ішінде